

## **И. ОРАЗБАЕВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ДӘСТҮР МЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚ**

*Бұл мақалада И.Оразбаев стилінің ұлы Абай стилімен үндестігі айтылады. В данной статье исследуется созвучие стилей великого Абая и И. Оразбаева. In given article is investigated accord of styles of great Abay and I. Orazbaev.*

Иранбек поэзиясы туралы айтқанда оның өлеңдеріндегі Абай поэзиясы секілді азаматтық үннің сыншылдықтың соншалықты адуын қарқынмен шығатындығына тоқталғың келеді. Иранбек поэзиясын оқығанда қым қиғаш тартыстың, әділдік пен зұлымдықтың күресінің үнемі бір бірімен бетпе бет келіп, бір біріне аяусыздықпен, ымырасыздықпен қарай-тын мінез иелері онтайлап қарсы алдымыздан шығады. Иранбек Оразбаевтың «Өмірнама» деп аталатын мыңдаған жолдардан тұратын десте өлеңдері оның шығармашылығындағы жаңа белес. Күтпеген жерден дүниеден өткен Мұнар қайтыс болғаннан кейінгі кезеңде жазылған өлеңдерін ақын кезінде мерзімді басылымдар бетіне «Мұнар, Мұнар» деген атпен жариялап отырды. Қысқа-қысқа лирикалық өлеңдерден құралған жинақтан лири-калық кейіпкердің жан ашуын білдіретін алғашқы беттегі өлең шумақтарының өзі-ақ бауыр еті баласынан айырылудың қаншалықты азапты ауыр тағдыр болғандығынан хабардар етеді. Ақын бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ деген қағидадан бір сәт ауытқымай мейірімсіз ажалдың салған жараның ешуақытта жазылмай-тынын, ұлы Мұнардың орны ешуақытта толмайтындығын аузынан жалын шығара отырып жырлайды. Тазы ашуын тырнадан алыпты дегендей жанын жайлаған улы запыранды жаратушының алдына төгіп шаша отырып, тағдыр қыспағын ешуақытта кешпейтін мінез танытады [1.].

«Өмірнама» кітабы – лирикалық қаһарманның қайғылы күйін, ащы дертін ақындық тілдің күдіретімен ба-рынша сыншылдықты жеткізген жинақ.

Кітаптың өн бойында ақын Абайды бастан аяқ қайталайды. Тіпті қайталау деген сөзді қолданудың өзі ақын шеберлігіне жасалған қиянат болар еді. Бірақ ақынның Абайша толғап, Абайша тебіренетінін байқау қиын емес. Бұл екі ақынның жан құбылыстарындағы өмір-ге, қазақи болмысқа деген көзқарас-тарындағы ұқсастықтан туса керек.

Иранбек аталмыш кітапта Абайдың барлық өлеңдеріндегі буын санын, ырғақ ерекшелігін қуалап жатпайды. Абайдың екі жастың бір біріне деген махаббат сезімін бейнелейтін өлеңдеріндегі ұйқас, ырғақ «Өмірнама» жинағындағы өлеңдердің барлығына тән десек қателесе қоймасымыз анық.

Ақын жаратылысқа деген ішінде шөмен болып қатқан шерді, ащы мұңды:

-Бересінді – бердің,

Аласыңды – алдың.

Құл екенімді көрдің,

Құдай қалпыңда қалдың.

Қүдірет – күшің хақтанып,

Басыма қайғы салды -  
Қарынымды ақтарып,  
Жүрегімді жарды.  
Неге маған келгенде,  
Төреліксіз төтенсің?!  
Күйдемін құр шерменде,  
Енді не істер екенсің!. (7б.).

деп жеткізеді. Ақын өте қатал. Өз бетін аямаған кісі бетін шиедей қылады деген принципте істеген. Осы шағын ғана өлеңде лирикалық қаһарман мен ақын позициясы бар болғанымен екеуі айтысып, дауласып тұр. Лирикалық қаһарман мұның ақынға шақса, ақын дүниені жаратушыға кіна арта сөйлейді. Неге маған келгенде, Төреліксіз төтеннен деуі осыны дәлелдейді. Ақын жаратылыс иесін еркін сырласуға да шақырады. Оған қаймықпай батыл сұрақтар қояды:

Мынау – жатқаным  
Жатып не айтамын?  
Неге қақпадың,  
Түрткенде шайтаның - дейді  
ақын ашына.

Адамның дәрменсіздігі өзін өзі сақтай алмайтындығы. Сондай күдіретті күш қолында тұрған жаратылыс иесінің кездейсоқ трагедия жайындағы ойын білгісі келеді.

Тыным таппаймын,  
Тұрмай қолды-аяққа.  
Сақтансаң сақтаймын,  
Дегенің қаяқта?! (14-б).

Бірақ лирикалық қаһарман ақын өзінің алла алдындағы, жазмыш алдындағы дәрменсіздігін еш уақытта ұмыт қалдырмайды. Сондықтан да өлеңінің соңында:

...Жан..  
Жан-ақ.  
Жөн ісің.  
Аз сабыр қылайық,  
Жақсылық кенісін,

Жарылка құдайым?! – деп айтады.

Ақын да жұмыр басты пенде. Пенде атаулының ортақ қасиеті жазмыштан озмыш жоқ екенін мойын-дау. Бұл - өмір, тіршілік философиясы. Адамды алға жетелейтін – үміт. Сол үмітке күш қуат беретін, төмен түскен еңсені көтеріп, қалжыраған рухқа жан бітіретін – шүкірлік. Жаратушының күштілігін мойындаудың басты белгісі де осы шүкірлік. Ақынның:

Қуанышыңды қалап ем,

Қайғыңды бердің Құдайым.

Сабырлық етіп санамен,

Шыдайын, шүкір қылайын.

Шымырлап тас емшегім,

Иігеніне – шүкірлік.

Келте ғұмыр, кемше күн

Сүйгеніме – шүкірлік.

...Қаралы тон дерт еміп

Кигеніме - шүкірлік.

Тозағына өртеніп,

Күйгеніме – шүкірлік...

Қарағымның артында,

Қалғаныма – шүкірлік.

Талайыңа – талқыңа -

Тағдырыңа түкірдім!

Шүкір!

Шүкір!

Арыстай

Ұл бергенің - рас-ты

Темір текті талыстай,

Кеңге жайдым құлашты (14-б)

деуі осыдан.

«Өмірнама» - лирикалық өлеңдер топтамасынан құралған бейнебір дас-таннама секілді. Мұнда лирикалық қаһарманның басынан өткен әр түрлі жағдайлар түгел баяндалады. Мұндағы лирикалық тұлға – философиялық тұлға. Ішкі шері – ішкі мұңы – халықтың атынан айтылады. Өйткені лирикалық қаһарман тек ақынның қыршын кеткен ұлын ғана жоқтамайды. Өмірнаманың кейіпкері – Мұнар. Жұмыс басты бір пенденің ұлы емес, ол бүкіл қазақ халқының маңдайына бітіп, бірақ ғұмыры қысқа болған қазақ арыста-рының жиынтық бейнесі.

Аталмыш жинақтағы кез келген өлең талай-талай арыстарынан айырылған қазақ халқының монологу. Сол монологтардың лирикалық қаһарманы біресе мұңайып, біресе қайғыдан қан құсып, бірі бір күндік жарық дүниені қуаныш, бақыт санады, осы тұрғыдағы жан сырын құдайдан да, адамнан да жасырмайтыны – оның бойындағы шыншылдықтың, реалистік қуаттың молдығынан. Шындығында да жина-қтағы барлық өлең монолог форма-сында берілген. Ал ақынның диалогтасатын тұлға да екеу. Бірі – лирикалық қаһарман, бірі – ақын. Лирикалық тұлға жұмыр басты пендеге де, философ тұлғаға да бір сәтте айнала салады. «Бір күндік жарық» өлеңінде ақынның басынан өткен осы күйге тап боламыз. Мәселен:

Күйін кешумен

Бір күндік жарық – Ғаріптің

Батқан соң қайта

Шықпай ма күліп алып Күн?!

Ақын өлмейді,

Өлмейді Ақын ешуақыт –

Жүрегіндегі

Жарық сәулесі ол Халықтың!

Халық дегенім –

Күн емей енді немене,

Күн сөнбегенде –

Жарық сәулесі сөне ме?

Бір күндік Жарық

Жетсе әңгүдік Ажалдың

Әңгіртаяғын

Ойнатпа ұдай төбеме?!

деп ақын күшейіп алады да іле-шала артынан:

Нұр – шуағың бар  
Жан шуақты өлең жырымда.  
Дәйімі асықпын,  
Менен қашық бол.  
Бұрылма?!  
Өліп қалар деп  
Сен маған аяп қарама  
Өшіп қалар деп  
Саған бәйекпін,  
Шынында

деп табиғат заңдылығын мойындайды. Осы өлеңінде де И.Оразбаев көптің көңіліндегі ойды дәл тауып, тап басады. Сондықтан оның әр ойы әр түрлі бояумен, әр түрлі ырғақпен жазыл-ғанымен біртұтас үйлескен туынды-ларға жатады. Басқаша айтсақ, кітап-тағы өлеңдерден ақынның жараты-лысын дәл танимыз. Шындығында да Иранбектің жаратылысы Абай жараты-лысындағы шыншылдықты сүйеді. Абай поэзиясында ақынның өмірі, идеялы ұстанған мақсаты, арман мұраты айқын көрініп қана қоймай өз жаратылысын айқара ашып беретін-дігімен оқырманның құнарлығын арттырады. Бүкіл қазақ халқы өз ойын Абай ойымен үндестіре отырып өмір сүріп келеді. Оқырман ойының ақын ойымен үндесуі бұл ақын үшін де, жалпы әдеби қауым үшін де зор бақыт. Осындай бақытқа И.Оразбаев өлеңдерін оқыған кезде де оқырманның шынайы қуанышқа бөленері сөзсіз.

Айы,  
Күні – көгінде  
Төрткүл дүние дін аман.  
Менің жаным –  
Кегілде,  
Жаттан медет сұраған.  
Қаған қатты қағынып,  
Жүрегіме оқ атты –  
Жаудан бетер шабынып,  
Сенімімді жоғалтты.

Осы өлең жолдарында ақынның жанын таптырмайтын уақыт, заман құбылмалылығын, халық тағдырының хал үстіндегі жалпы өз тағдырының сабақтастығын бар даусымен дүниені жаңғырта

айткан бірбеткей қайсар ақынның келбетін тануға болады. Өлеңнің өн бойы қарапайымдылыққа, шынайылыққа құрылған. Бұның өзі талантты ақындардың поэзиясына ғана тән қасиет. Өлеңнің құндылығы тағы да халық көңіліндегіні қалт жібермей табуы. Өлеңдегі осындай қасиет туралы белгілі әдебиет сыншысы Рахманқұл Бердібаев былай дейді: «Өлең - адамның қайғысына да, қуанышына да ортақ жан жолдас. Халық жырларын жыршылар айтып отырғанда талай адамның еріксіз жылағанын, шынымен шаттанғанын көрдік. Халық жырла-рының осы күнге дейін сүйкімді болып келуі кездейсоқ көрініс емес. Оның себебі – бұл жырлардың миллиондаған халықтың көңіліндегі ортақ ойды, арманды бере білуінде» [2]. Расында да көптеген ақындардың өлеңдеріндегі басты кемшілік - өз арманын, өз ойын халық арманымен ұштастыра алмайды [3].

Ал, Иранбектің мына өлеңі желтоқсанда жер құшқан жастардың да, зар құсқан олардың ата-аналарының да, туған-туыстарының да, құрбы-құрдас-тарының, жалпы замандас қауымның да басындағы халді дәл жеткізіп тұр.

Желтоқсанда - күн суық,

Жүргіншілер – тым суыт.

Аспан бағып Ақ үй тұр -

Әлденеден қымсынып.

Күлгін - Алаң –

Күл – Алаң –

Анаған да мынаған

Алақанын жаяды

Арылардай күнәдан.

Көксеп темір қалыпты –

Қойдай қырған халықты.

Мінберіне мансаптың,

Қарға қонып алыпты...

Тоғышарларды өткір тілмен түйреп, ащы мысқылдың көнбесіне батыру осы өлеңнің соңғы екі жолында қандай мол болса, бұл Абай өлеңдеріндегі сыншыл реализм тәсілін еске салады. Абай өзінің «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым», «Болыс болдым, мінекей», «Дүтбайға» деген өлеңдерінде халық стихиясын дәл суреттегені белгілі. Ал В.Г.Белинский Халық стихиясынан шет өмір сүріп жүрген адам құр елес қана, деп айтты. Осы таңда әрбір ұлт ақынымын деп жүргендердің барлығына қатысты. Иранбек өлеңдерінде өз басынан трагедиялық жағдайдың ғана емес бүкіл халық басындағы стихия анық көрінеді.

Әдебиеттің ұлттық болмысы, ұлттық ерекшелігі ұлттық характердің ашыл-уымен тікелей қатысты болатын-дығының дәлелі Абай поэзиясы болып табылатын болса, Иранбек Оразбаев поэзиясында осы ерекшелік сақта-лынған. Яғни ақын да Абай секілді ұлттық мінез-құлықты поэзия тілімен ашудың шебері. Тіпті мұндай заңдылық басқа халықтардың әдебиетінен де мол ұшырасады. Мәселен, белгілі ғалым П. С.Трофимов орыс халқының ұлттық характері жайында өте

күнды пікір айтты. Ол: «Орыстың ұлттық характері, әлеуметтік, ұлттық бостандығы үшін, әділеттігі үшін ішкі-тысқы жауларға қарсы күресте қалыптасты» [4]. Иранбек Оразбаев поэзиясының кемеліне келген тұста қазақ халқының жаңа кеңес дәуірінде орыс бодан-дығында болған халықтардың барлығы өз тәуелсіздігі жолында қым-қиғаш арпалысқа толы күрестің қалың ортасында болды.

Иранбек өлеңдерінде Абай өлеңдеріндегі жанашылдық түрді салыстырғанда әлбетте ақын поэзиясы Абай қол жеткізген жетістіктердің барлығын түгел меңгерді деп айта алмаймыз. Нақтылай түссек, Абай Құнанбаев қазақ поэзиясына 20-ға жуық жаңа өлең түрлерін енгізді. Сол түрлердің ешқайсысы қолданыстан түспей келеді. Абай салған бұл дәстүр одан кейінгі ғасырларда да заңды түрде жалғасып келеді. 10 буынды өлең түрінің келуі сөзіміздің растығына дәлел. Әйтсе де мұндай жаңа өлең түрі қазіргі қазақ поэзиясында айтарлықтай тұрақтанды дей алмаймыз. Өлеңнің аударма арқылы енген жаңа түрлері бар. Абай поэзиясындағы көркемдік әдістің соншалықты жетілген түрге өтуіне және оның аудармадан алған тәжірибесінің де мол әсері бар. Иранбек Оразбаев Абай дәстүрін жалғастырушы дегенде ол Абай секілді жаңа өлең түрлерін көбейтті деуден аулақпыз. Себебі ақын өлеңнің құрылысы, ұйқасы, ырғағы мәселелеріне Абай секілді мол жаңалықтар қоса алмағаны, бірақ ол Абай поэзиясында қалыптасқан дәстүрдің басқа белгілерін бойына сіңіре алды. Бұны М.Дүйсеновтың мына пікірімен түсіндіріп өткен жөн: «Көркем шығармадағы жанашылдық, әрине, өлеңнің буын санына, ұйқасына, ырғағы мен екпініне ғана байланысты болып, сонымен ғана шектеліп қалмайды. Демек, көркемдік түрді жазушының оқушыға әсер етуі үшін тапқан жаңа тәсілінен, түрлі теңеу-лерден ғана іздеп қойсақ, жанашылдық түрдің шеңберін тарылтқан болар едік. Осының барлығына шығарманың ком-позициялық құрылысын қосу керек. Қандай болмасын көркем шығарманың түрі мазмұнға қызмет істеуі, мазмұнның халыққа түсінікті болуы шарт» [5]. Зерттеуші айтқан шығарманың компо-зициясы деген ұғым бойынша үңілсек И.Оразбаевтың «Өмірнама» өлеңдер дестесінің құрылымында шындығында едәуір жаңалық бар.

И.Оразбаев поэзиясындағы көркемдік тәсілдерді сөз еткенде Абай поэзиясындағы көркемдік тәсілдерге соқпай өте алмайтынымыз заңды. Бұл құбылыс ХХ ғасырдың соңғы он жылдығында қазақ поэзиясынан кеңінен байқалды. Осы тенденцияның қалыптасуына И.Оразбаев өлеңдерінің мол әсері бар. Көркемдік тәсіл дегенде Иранбектің ұлы ақын поэзиясында кеңінен қолданылған сыншыл реализм әдісін қайта жаңғыртқанына мән беруіміз керек.

Өмір шындығын, туған халқымыздың бойындағы кейбір тоғышарлық психологияны қатты сынау Иранбек Оразбаев поэзиясында 80-жылдарда басталды. Алғашында ол бұл тәсілді Абайға өз мұңын, өз қайғысын шағынудан бастаса, ақын келе, өз ахуал күйінен хабар беру арқылы мінез құлықтағы кемшіліктерді сынап түссе, кейінірек бұл мәселені лирикалық қабарман мен ақын арасындағы немесе күдіретті жаратушының арасындағы диалогқа ұластырды. Өмірдегі келеңсіз құбылыстар И.Оразбаев поэзиясы, шындығында да, сексенінші-тоқсаныншы жылдардағы қазақ поэзиясына өмірді қатқыл сынау арқылы бейнелеу тәсілін әкелді.

Өткен ғасырдың соңғы ширегіндегі қазақ поэзиясынан көрініс берген көркемдік ізденістерге тоқталғанда сыншыл реализм тәсілдеріне зер салудың маңызы зор. Өкінішке орай, әдебиет сыншылары бұл кездегі поэзия жетістігіне пост линдернизм тұрғысынан қарауға ден қойды. Қазақ поэзиясында ғана емес, қазақ прозасында да мұндай тенденциялардың орын алғандығына шүбәміз жоқ. Осындай әдістәсілдерден И.Оразбаев поэзиясының тым алыс емес екенін білсек те ондағы шындықты шырқырап отырып сынау тәсілінің басым екендігіне дауласудың қажеті шамалы деп ойлаймыз. Осы мәселе кейінгі уақытта ділгір әдебиеттанушыларды қатты ойландыра бастады. Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиетін бұрынғы қалпында бағалауға да, оқытуға да болмайтындығы күннен күнге дәлелденіп келе жатқан бүгінгі таңда сол әдебиеттанушыларды сыншыл реализмнің көркемдік әдіс тәсіліне қайта мойын бұрудың еш әбестігі жоқ.

Кешегі кеңестік дәуірде сол қоғамдағы тоталитарлық жүйеге халық-тың іштей наразылығы

күшейгені рас. Сол наразылыктын салкынын 1986 жылгы желтоқсан оқиғасына ұласқаны да мәлім. Ал бұл оқиғаның халық санасына үлкен әсерін туғызып ұттық психологияны жаңғыртқаны да жалған емес. Демек, жастардың наразылығы наразылық күйінде қалмай, бүкіл қоғамды жақсартуға, қазақ қоғамын қайта құруға ықпал жасады. Бұрынғы реализмге берілген анықтамаларда бұндай тенденция социалистік реализмге жатқызылып келеді. Өмір күрес үстінде суреттелуі тиіс дейтін қағиданы социалистік реализмнің берік үстанғандығын осы көркемдік әдісті зерттеушілердің барлығы да атап айтты. Бірақ сыншыл реализм мен социалистік реализмнің арасына берік шекара қойып, олардың бір бірінен ат құйрығын кесісуіне мүмкіндік жасады. Ал негізінен алғанда кеңестік дәуірде бұл үрдістер бір бірінен мүлдем ажырап кете алған жоқ. Әсіресе И.Оразбаев поэзиясы кемеліне келген тұстан сыншыл реализм элемент-терінің күшейгендігін аңғарамыз.

#### **Әдебиеттер**

1. Ахмади Мұнар Ж., Мұнар, Мұнарым.... Халық кеңесі газеті. -1994. 26-шілде.
2. Бердібай Р. Әдебиет сынының көкжиегінде. -А., 1983.
3. Түркістан газеті. -2006, Мамыр, 13-б.
4. Вопросы марксистко-ленинской эстетики. –М; 1956, с. 323.
5. Әдебиеттегі мазмұн мен форманың бірлігі. –А., 1962, 188-б.